



ТҮРКІ ТІЛДЕРІ/ TURKIC LANGUAGES/ ТЮРКСКИЕ ЯЗЫКИ

Әлихан Бөкейхан аудармаларының этномәдени ерекшеліктері

Ш. Құрманбайұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан Республикасы

(e-mail: [sherubaykurmanbaiuly@gmail.com](mailto:sherubaykurmanbaiuly@gmail.com))

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

Әлихан Бөкейхан,  
Қыр баласы,  
этномәдени  
ерекшелік,  
бейімделген  
аударма, барабар  
аударма, дәлме-  
дәл аударма,  
еркін аударма,  
аудармашы,  
аударма.

XҒТАР 16.21.33

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-122-137>

Мақалада Ә. Бөкейхан аудармаларының негізгі тілдік ерекшеліктері қарастырылады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлының алғашқы аударма үлгілері мен XX ғасыр басындағы Ә.Бөкейхан аудармаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары негізінде аудармадағы сабақтастық, дәстүр жалғастығы көрсетіледі. Қыр баласы (Ә. Бөкейханның псевдонимы) аудармаларының жалпы сипаты мен өзіне тән этномәдени ерекшеліктері айқындалады. Оның ресми аудармаларындағы орысша сөздердің орнына қолданған қазақ дүниетанымына тән атаулардың берілу уәжі дәлелденеді. Аудармашы қаламынан туған мәтіндерді түпнұсқасымен салыстыра талдау арқылы оның аударма түрі мен аудару әдісін таңдау себептері анықталады. Шығармашыл тұлғаның сол әдісті таңдауына себеп болған түпкі мақсаты мен көздеген мүддесіне сәйкес аудармадағы шығармашылық еркіндігінің сыры, тәржімешілік тәжірибесінің табиғаты ашылады. Ә. Бөкейхан мен А. Байтұрсынұлының және XX ғасыр басында аудармамен айналысқан замандас қаламгерлердің орыс тіліндегі әдебиеттерді аударудағы ортақ ұстанымы, олардың отандық аударматанудың арнаулы сала, мамандық ретінде қалыптасуына қосқан үлесі бір-бірімен тығыз байланыста сөз болады. Сөйтіп қазақ аударма ісі тарихының XX ғасыр басындағы жай-күйі, кезеңдік сипаты дәл сол уақытта аудармамен жүйелі түрде айналысып, өнімді еңбек еткен алаш зиялыларының көрнекті өкілі Ә. Бөкейхан аудармалары негізінде талданып-таразыланады. Әлиханның аудармадағы Ыбырай, Абай дәстүрін жалғастырумен қатар оны жаңа сатыға көтеріп, дамытқан, отандық аударматануда өзіндік орны бар шығармашыл тұлға екендігі көптеген тілдік дерек пен ол таңдаған, тәржіме барысында пайдаланған аударма тәсілдері арқылы дәлелденеді.

Received 27 March 2023. Revised 30 March 2023. Accepted 29 May 2023. Available online 30 June 2023.

**For citation:**

Sh. Kurmanbaiuly Ethnocultural features of Alikhan Bukeikhan's translations // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 2. – P. 122-137. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-122-137>

**Дәйексөз үшін:**

Ш. Құрманбайұлы Әлихан Бөкейхан аудармаларының этномәдени ерекшеліктері // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 2. – 122-137 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-122-137>



## Кіріспе

Аударматанудың қазіргі даму деңгейі мен айқындалған талабы тұрғысынан қарағанда, аударма мәтін түпнұсқаға толық сәйкес келуге тиіс. Яғни аударылған мәтіннің түпнұсқаға мазмұндық, құрылымдық, стильдік тұрғыдан дәлме-дәл сәйкес келуіне, теңтүпнұсқалылыққа, аутенттілікке баса мән беріледі. Бұларды аударма мәтінге қойылатын негізгі талаптар деуге болады. Осы талаптарды негізге ала отырып, кейбір зерттеушілер мен филолог мамандар XX ғасыр басындағы еркін аударылған аударма мәтіндерге бүгінгі талап, аударматанудың қазіргі деңгейі тұрғысынан қарап, оларда дәлдік жетіспейді деп санайды. Мәселеге бұлай қарау арқылы аударматану теориясы мен тәжірибесінің даму, қалыптасу тарихын ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан шынайы зерделеп, объективті бағалау қиын. Біздіңше, қазақ аудармасының даму тарихын таразылауда әр кезеңнің келбеті, уақыт талабы, қазақ қоғамының сол кезеңдердегі жай-күйі, мәдени-білім деңгейі мен соған сәйкес ұлт зиялыларының алға қойған мақсат-мұраттары сөзсіз ескерілуі қажет. Сонда ғана біз аударматанудың ғылым ретінде қалыптасуы мен оның кәсіп ретінде танылып, тәжірибесі орнығуының кезеңдік ерекшеліктері мен ғасырлық даму жолын талдап-таразылап, саралау мүмкіндігіне ие бола алсақ керек. Бұл тұрғыдан келгенде, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ы.Алтынсарин мен Абай қаламынан туындаған алғашқы аудармалардан бастап, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының барлық аударма еңбектері хронологиялық тұрғыдан рет-ретімен, жүйелі түрде зерттелгені жөн.

## Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі материал ретінде Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сынды ұлы тұлғалардың аударма еңбектері, түпнұсқа қолжазбалары, аударматанушы ғалымдардың зерттеу монографиялары мен мақалалары, көркем аудармалар, тарихи деректер пайдаланылды. Жұмыста салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу, салыстыру, талдау, сипаттау, қорытындылау әдісі қолданылды.

## Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Аударма тарихының бұл кезеңін түгендеуге үлес қосып, алғашқы аударма үлгілерінің ерекшеліктерін анықтауға арналған М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ж.Бісмағұлов, Ә.Сатыбалдиев бастаған бірқатар ғалымдардың зерттеу еңбектері, ғылыми мақалалары бар. Бірақ бұл кезең аудармалары түбегейлі зерттеліп болды деуге ертерек. Әлі де нақтылайтын, басын ашатын, жан-жақты әрі тереңірек қарастыратын мәселелер аз емес. Аударма мұрасы түгенделіп, әдеби-лингвистикалық тұрғыдан арнайы қарастырылып, аудармашылық шеберлігі, тәржіме тәжірибесі мен өзіне тән тілдік-стильдік ерекшелігі жөнінде тиісті деңгейде айтылмай келе жатқан белгілі қалам иелері де жоқ емес. Сондай тұлғалардың бірі – Әлихан Бөкейхан.

Әлихан Бөкейхан – Ыбырай мен Абайдан кейін олар бастаған істі жалғастырып, XX ғасыр басында аудармамен айналысқан көрнекті алаш зиялысы. Бұл кезеңде Шәкәрім,

А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, М.Әуезов, С.Көбеев сияқты көрнекті қаламгерлер орыс және әлем классиктерінің еңбектерін орысшадан қазақшаға аударды. Әсіресе көркем шығармалар көбірек аударылды. Сонымен қатар 20-жылдары пән оқулықтары мен ғылыми, ғылыми-танымдық еңбектер де қазақшаға аударыла бастады. Міне, осы істің қайнар бастауында тұрған, басы-қасында болған алаш зиялысының бірі ғана емес, бірегейі, ең көрнекті өкілі – Әлихан Бөкейхан. Сондықтан да ірі тарихи тұлға шығармашылығының осы қырына жете назар аударылуы қажет.

Аударма жасау ісінде қазақта Қыр баласының алдында сайрап жатқан сара жол, үлгі алатындай үлкен аудармашылық мектеп, қалыптасқан дәстүр, мол тәжірибе, ол ұстанатындай айқындалған, бекіген аудару қағидаттары болды деу қиын. Орысшадан қазақшаға аударудың оған дейінгі тәжірибесі туралы сөз болғанда, Ыбырай мен Абайдың, Шәкәрімнің қадау-қадау аударма еңбектерін ғана атай аламыз. Аз да болса осы аударма үлгілері алғашқы тәржіме тәжірибесі, әлі игерілмей тың жатқан алқапқа, жаңа салаға салынған соны соқпақ еді. Сол соқпақты кеңейтіп, бұл істі жалғастырған және аудармашылықты арнайы кәсіп, мамандық ретінде қалыптастыруға негіз қалаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы бастаған алаш оқығандары ізашарларының еңбектерін ескерусіз қалдырмағаны анық. Сонымен бірге ХХ ғасыр басында аудармамен айналысқан замандас қаламдастардың, алаш білімпаздарының да бір-бірінен үйреніп, өзара тәжірибе алмасқаны сөзсіз. Ә.Бөкейхан да солардың бел ортасында болды. Олар отандық аударматанудың іргесі жаңадан қаланып, аудармашылық кәсіптің жеке сала ретінде дамып тармақтала бастаған алғашқы кезеңінде қатарласа, қанаттаса еңбек ете жүріп шыңдалған шығармашыл тұлғалар болды. Қазақ ренессансын туғызып, қалғып кеткен қазақ даласын қайта оятып, қайта өрлеткен алаш оқығандарының қай-қайсы да ізденімпаз, шетінен білімдар, шетінен талантты еді. Сол себепті олардың бір-біріне берері де, бір-бірінен алары да аз болған жоқ. Елдік, еркіндік үшін жан аямай күресе жүріп, қазақ даласына білім шуағын шашып, ғылым сәулесін сепкен үркердей топтың арасынан маңдайы жарқырап ұлт көсемі Әлихан мен ұлт ұстазы Ахметтің шығуы кездейсоқ құбылыс емес. Ғасыр басында олар қалыптастырған құнарлы да қуатты ғылыми-шығармашылық орта ұлтымызға М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Ә.Ермеков, Қ.Кемеңгерұлы, М.Дулатұлы сынды ірі оқымыстыларды, аса дарынды шығармашыл тұлғаларды берді.

«Қазақ өмірінде көркем аударма (орысшадан қазақшаға аудару) тарихының алғашқы бетін Ы.Алтынсарин ашты» (Сатыбалдиев, 2008: 14). Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин аударма жасауда ең алдымен педагог ретінде бала тәрбиесіне қажетті тәрбиелік, тағылымдық мәні жоғары, көлемі шағын шығармаларды аударуды мақсат етті. Соған сәйкес Ыбырай аудармаларының негізгі тақырыбы – еңбек, еңбекқорлық, адалдық, кішіпейілділік, әділдік, үлкенге құрмет көрсету болды. Ал Абай ақын ретінде көркемдік деңгейі биік, орыстың ірі ақындарының поэзиялық шығармаларын аударды. Негізінен А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крыловтың 50-ден астам өлеңін аударғаны белгілі.

Аудармамен айналысқан алаш оқығандары Ыбырай мен Абай аудармаларымен таныс болды. Тыңға түрен салған тұңғыштардың ізденістері, азды-көпті тәжірибесі мен бұл жолда ұстанған бағыт-бағдары ізін жалғастырушыларға ой салғаны, бастау көзі болғаны сөзсіз.

Бұл жерде біз әсіресе Торғай топырағында туып, аға тәлімгерінің ұстаздық жолын жалғастырған Ахметтің Ыбырай еңбектерін терең танып, одан тәлім ала отырып, ол салған соқпақты сара жолға айналдырып, оның педагогикалық және тіл-әдебиет саласындағы ізденістерін жаңа деңгейге көтеріп, жеке пән, дербес ғылым саласы ретінде дамытқанына еш күмәніміз жоқ. Соның ішінде олардың аударма саласындағы ұстанымдарында да сабақтастық, үндестік бар деп білеміз. Оған көз жеткізіп, дәлел айту үшін алдымен Ы.Алтынсарин еңбегіне жүгініп, оның ой-тұжырымдарына тереңірек үңілген орынды.

Орыс тілінен қазақшаға аударуды алғаш қолға алып, «Нені және қалай аудару керек?» деген сұраққа ең алғаш жауап іздеген Ыбырай ойланып-толғана келіп, өзіндік тоқтам жасайды. Ол алдымен аударуға тиісті шығармаларды іріктеп, таңдап алуда басшылыққа алатын негізгі ұстанымын анықтайды.

Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясының» («Киргизская хрестоматия») алғы сөзінде былай деп жазады: «Кітапта берілген әңгімелердің ең алдымен қазақ рухында (түпнұсқада: в духе киргизов – ШҚ.) болуын қаперге алдым. Сондықтан да әңгімелерді таңдап алу едәуір қиындық келтірмей қоймады. Әрбір жеке мақала (әңгіме, шығарма – Ш.Қ.) жөнінде жан-жақты ойлану қажеттілігі туындады» (Алтынсарин, 1879: IV).

Зер сала қарасақ, осындағы «қазақ рухында» деген тіркесте үлкен мән жатыр. Хрестоматияны құрастырушы оған енетін әңгімелердің ең алдымен қазақ рухына сай болуына баса назар аударған. Оның ондай әңгімелерді таңдауда қиындыққа тап болуының себебі де осы таңдауынан туындап отыр. Өйткені қанша жерден шебер, білімді, жазғандары өте мазмұнды болғанымен ол аударуды көздеп отырған шығармалардың авторлары – өзге мәдениет өкілдері. Сондықтан олар дүниеге өздері сусындаған мәдениет тұрғысынан, өз ұлтының таным-түсінігі, дәстүр-салты тұрғысынан қарайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар туралы сөз қозғағанның өзінде олардың жазғандарында өз ұлтының болмысы, дүниетанымы, мінез-құлқы көрініс тауып жатады. Мұндай өзгешеліктер болмаса, этнография, этнология, этнопсихология, этнопедагогика, этномәдениеттану, этнолингвистика сияқты ғылым тармақтары туындамаған болар еді. Қазақ баласының қамын ойлап, оған білім мен тәрбиені қоса беруді көздеп отырған ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз этносының өзгешелігін, төл қасиеттерін жақсы білгендіктен, соны ескергендіктен және оның сақталуын, бұзылмауын қалағандықтан, ұлтының болмысына лайық, сұранысын өтейтін, жанына жақын келетін, ол жатсынбай қабылдайтын рухани азық іздеп қиналған. Рух – рухани күш, ішкі қуат, ішкі сенім. Қазақ рухы – қазақтың жаны. Міне, ұстаз Ыбырайдың халқына, халқының болашағы саналатын жас буынға қазақ рухындағы дүниелерді беруге баса назар аударып, бұл талапты бірінші орынға шығаруының сыры осында жатыр.

Хрестоматия түзуші автордың осы алғы сөзіндегі: «Қазақ халқы – бұзылмаған халық, оның ұмтылыстары бір белгіленген тар шеңбермен шектелмейді, ол еркін ойлайды» (Алтынсарин, 1906: III) деген пікірі де ағартушының негізгі ұстанымы мен ол жөніндегі біздің осы пайымымызды да растай түседі. Ол таза болмысын сақтап, бұзылмай келген, өзіндік еркін ойлау қабілетінен айрылмаған халқына жат түсінік таңып, оны бөтенше ойлауға тәрбиелеп, этникалық төл сипаттарынан айырғысы келмейді. Ы.Алтынсарин аудармаларының бір жарым ғасыр өтсе де еш құнын жоймай, қазақ баласына қызмет етіп келе жатқандығы олардың адамгершілік, ізгілік, адалдық, әділдік дәнін егуші, бала

жасына лайық, тәрбиелік мәні зор болуымен қатар олардың қазақ танымына барынша бейімделгендігін де ескермеске болмайды.

Ыбырай қазақ рухына жат емес әрі өзінің педагогтік-ағартушылық мақсатына сай келетін тағылымды туындыларды Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, И.М.Паульсон, К.Д. Ушинский еңбектері арасынан таңдап алғаннан кейін барып, оларды аударады. Аударғанда ол керек жерінде дәлдікті сақтаумен бірге, түпнұсқаның көп жерін еркін аударады.

Аудармадағы дәлдік пен еркіндік туралы сөз қозғағанда, осы XIX ғасырдың екінші жартысында жасалған Ыбырай, Абай аудармалары мен XX ғасыр басындағы алғашқы аударма үлгілерінен көп мысал келтіруге болады. Тек Ыбырайда ғана емес, Абай аудармаларында да дәлдікпен қатар түпнұсқаға байланбай еркін аударған тұстар аз емес. Ыбырай, Абай аудармалары жөнінде сөз еткен белгілі ғалымдар мәселенің бұл қырына да назар аударып, зерттеулерінде атап өтті.

Мәселен, Қ.Жұмалиев Ыбырай аудармалары туралы былай деп жазады: «Ол әңгімелерді аударғанда Алтынсарин барлық жерде түпнұсқасын бұлжытпай, сол күйі аударуды принцип етіп қоймаған. Кейде тақырыбын, кейде сюжетін кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде де қазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен» (Жұмалиев, 1948: 53).

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев «қайткен күнде де қазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен», – деп, аудармашының басты ұстанымын дұрыс атап көрсетіп отыр.

Ал Абай аудармаларына қатысты бір еңбегінде М. Әуезов: «Абай өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да, әр кезде барынша көркем, шебер өлеңнің үлгісін берген. Бұл жөнінде ақынның ізденуі, өзіндегі тіл байлығы мен ірі талант, ерекше ынта, зер салуы өзгеше көрінеді» (Әуезов, 1985: 7), – десе, келесі зерттеуінде осы пікірін одан да нақтылай түсіп: «Абай аударған «Евгений Онегин» - ол шығарманың өзі емес, Абайға керекті болған тұқылы ғана болып шығады. Бұның себебі Абайдың бұл шығармаға өзінше бір өзгеше мақсатпен келуінен туған. ...Осымен қатар Татьяна, Онегин хатының өздерін аударуда да Абай не Крыловты, не Лермонтовты аударғандары сияқты дәлшілдік әдеттерін қолданбайды» (Әуезов, 1985: 13), – деп жазады.

Ғалымдар атап көрсетіп отырғанындай, алғашқы аударма үлгілерінде дәл аударылған тұстармен қатар еркін аударылған жерлер де аз ұшыраспайды. Жалпы 30-жылдардан кейінгі және одан бергі кезеңдегі аударылған еңбектер мен өткен ғасыр басындағы аудармалардың мәтіндерін салыстырсақ, алғашқыларының басым бөлігі еркін аударылғандығы айқын көрініп тұрады.

Зерттеушілер арасында тіпті Ыбырай аудармаларын түпнұсқадан мүлде бөлек, қайта жазылған авторлық төл шығарма деп танитындар да бар. Мысалы, әдебиетші ғалым Д.Ысқақұлы мынадай тұжырым жасайды: «Ы.Алтынсариннің орыс әдебиетінен жасаған аудармаларының көпшілігі тым еркін. Кей аудармаларының еркіндігі соншалық – оның қай бір шығармаларының қайсысы төл туынды, қайсысы тәржіме екендігін айырудың өзі қиынға түседі. Демек, Ы.Алтынсарин орыс әдебиетінен шығармалар аударды десек, онда оның барынша еркін жасалғандығын баса айтамыз. Ал шындығына келгенде, Ыбырай аудармаларының тақырыбын орыс жазушыларынан алды демесек, іс жүзінде түпнұсқаға



сәйкес келмейтін, тәржімеге қойылатын талаптарға жауап бере бермейтін, мүлдем жаңадан, қайта жазылған көркем шығарманы көреміз» (Ысқақұлы, 2012: 185).

Аударма мәтінге бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарағанда, Ыбырай аудармаларын «тәржімеге қойылатын талаптарға жауап бере бермейтін» немесе толық жауап бермейтін, төл туынды деп тануға да болатын шығар. Дегенмен олардың бастапқы авторлары бар аударма еңбектер екені мәлім. Олай болса «Неліктен Ыбырай түпнұсқаны қатаң сақтамай, шығармашылық еркіндікке барды?» деген сұраққа жауап іздеуге тура келеді.

Бұл сұрақтың да жауабын ұстаз аудармашының алға қойған мақсатынан, өз айтқанынан табуға болады. Хрестоматияның алғы сөзінде: «Біріншіден, бұл еңбекті құрастырғанда мен оның біздің ана тіліміздегі әзірге жалғыз әрі тұңғыш кітап ретінде орыс-қазақ оқу орындарында тәрбиеленіп жатқан ұлдармен қатар жалпы халық жаппай оқитын кітап болуын қаладым», – (Алтынсарин, 1879: IV) дейді.

Хрестоматияны құрастырушы кітаптың оқушылар ғана емес, жалпы көпшілік қауым қиындықсыз түсініп оқи алатын еңбек болуын көздегендіктен, өзі айтқан еркін ойлы халқына еркін аударылған, қазақ танымына бейімделген мәтін ұсыну қажет деп тапқан. Дәлірек айтқанда, аудармашы қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, прагматикалық бейімдеуге көбірек барған.

Ыбырайдың аудармашылығы мен орыс тіліндегі мәтіндерді қазаққа бейімдеп беру әдісін Ахмет Байтұрсынұлы да жалғастырды. А.Байтұрсынұлының 1909 жылы Петерборда алғаш баспа бетін көрген әйгілі орыс мысалшысы И.А.Крыловтан аударған «Қырық мысалы» түгелдей тәржімеден тұрады. Оның аудармаларының арасында дәлме-дәл аударылғандары да, бейімделіп аударылғандары да бар. Дегенмен Ахаңның аудармаларын зерттеген ғалымдардың көпшілігі онда сюжет сақталғанмен, Ыбырайдағы секілді еркіндік басым екенін айтады. А.Байтұрсынұлы аудармаларын арнайы зерттеген Ж.Ысмағұлов оның И.Крыловтан аударған мысалдары туралы: «Бұл шығармаларды Ахаң түп-түгел қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын түп-тура қазақ қауымының шындығына бейімдеп, айтар үкімін өз тарапынан айтады. Кейде тіпті түпнұсқадағы оқиғаны өз ойына тиек етіп қана алады. Сондықтан мұндай еңбекті аударма деуден гөрі ұқсас сюжетке құрылған төл туынды деп айтуға болар еді», – (Ысмағұлов, 1990: 5) десе, ахметтанушы ғалым Ө.Әбдиманұлы: «Байтұрсынұлы өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермейді... Крылов мысалдарының Ахмет аудармасын төл туындымыз деуге үшінші негіз олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестірілуінде. Қазақ тұрмысына сай емес образдар мен есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған», (Әбдиманұлы, 2017: 102) – деп жазады.

Басқа да бірқатар зерттеушілер осыған ұқсас пікірлер айтады. Олардың бәрін тізбей ортақ түйіндерін жинақтай айтқанда, зерттеушілер тұжырымдары аудармадағы Ыбырай ұстанымының Ахметтен де айқын көрініс тауып отырғанын растайды.

### Талдау

Аудармадағы дәл осындай сабақтастық Ә.Бөкейханнан да айқын байқалады. Қыр баласының қаламынан туған аударма мәтіндерде де түпнұсқамен толық сәйкес келетін

дәлме-дәл аударылған бөліктер де, еркін аударылған тұстары да кездесіп отырады. Оның бір еңбекті аударып отырғанда бірде дәлме-дәл аудару әдісін қолданып, енді бірде аудармашылық еркіндікке баруының себептері айқындалса, аудармашы ұстанымы да белгілі болады.

Әлихан жастайынан орыс тілінде білім алған, орыстілді ортада көп жүрген, орыс тілін кәсіби қызметінде еркін пайдаланған, қазақ оқығандарының арасындағы орыс тіліне ең жетік зиялылардың бірі болды. Оның Қарқаралыдағы орыс-қазақ бастауыш мектебі мен үш жылдық қалалық кәсіптік училищеде оқып, кейін Омбы техникалық училищесі мен Санкт-Петербургтегі ормантану институтын бітіріп, жоғары білім алғаны белгілі. Ол орыстың көркем әдебиет тілін ғана емес, ғылым, техника, экономика, БАҚ тілін де өте жақсы меңгерген, жан-жақты білім алған жоғары білімді маман. Соған сәйкес оның қаламынан шыққан аудармалардың тақырыбы да, түрі де, жанры мен стилі де әралуан. Оны нағыз кең тынысты аудармашы деуге болады. Осындай әлеуетінің арқасында ол көрнекті әлем және орыс классиктерінің көркем шығармаларын да, ғылыми, ғылымтанымдық, саяси, оқулық әдебиеттерді де, публицистикалық еңбектерді де ана тіліне аударды. Қажет жерінде ол қазақшадан орысшаға да еркін аударма білді. Осының бәрі Қыр баласының аудармаға атсалысқан өзге замандастарынан өзіндік ерекшелігі мен өресінің биіктігін, білімінің ауқымын, айрықша қарым-қабілетін де көрсетеді.

Сонымен қатар Қыр баласы шет тілдерін де білгендіктен, сол кезеңдегі аудармаға қатысты батыс, орыс ғалымдарының еңбектерімен, аударма мәтінге қойылатын талаптармен, орыс қаламгерлерінің аудармаларымен де таныс болды. Еуропа тілдерінен орысшаға аударылған көркем шығармалар мен ғылыми еңбектерді, оқулық әдебиеттерді де жақсы білді және солардың бірқатарын қазақ тіліне өзі аударды. Өзіне өте мұқият, жан-жақты білім иесі Ә.Бөкейхан оларды қазақ тіліне аударарда сол мәтіндердің түпнұсқадан орысшаға қалай аударылғанына назар аудармауы, мән бермеуі мүмкін емес. Сондай дәлме-дәл аударылған еңбектерді де, аударманың әдістерін де, аударма мәтінге қойылатын талаптарды да көріп-біліп, солай аударуға қабілеті толық жете отырып, кейде неге ол аударма барысында түпнұсқаны сақтамай еркін аударды? Бәрін біле тұра солай істегендіктен, мұны саналы әрекет, мақсатты түрде таңдалған тәсіл деуден өзге түйін жасаудың қисыны келмейді. Ендеше оның бұл саналы қадамға неліктен барғанын анықтау қажет.

Аударматанушылар арасында аудармашы еркін аударуға түпнұсқа тілді (немесе делдал тілді) жетік білмеуден немесе авторды дәл аударудан гөрі өзіне оңай болу жағын ойлағаннан барады деп пайымдаушылар да бар (Denmukhametova, Yusupova, Oner, 2022: 48-55). Мұндай біржақты пікірмен келісу қиын. Жалпы ондай аударма мәтіндерінің де болатынын, ондай аудармашылардың кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Алайда түпнұсқаға толық сәйкес келмейтін мәтіндердің барлығын осы себептермен ғана еркін аударылған деп кесіп айту негізсіз. Түпнұсқа тілді тамаша білетін немесе өзіне қолайлы жеңіл жолды таңдамаған аудармашы да басқа себептермен түпнұсқадан саналы түрде ауытқып, оған өзгерістер енгізуі мүмкін. Бұл жөнінде білікті аударматанушы ғалым, шебер аудармашы Ж.Ысмағұлов Абай аудармаларын мысалға келтіре отырып, өте дәлелді, дұрыс пікір айтқан: «Пушкинде Татьяна Онегинді аптасына бір көрсем де риза болар едім дейді. Ал Абайда: «Айына бірер көрсем де», – деп тұр. Сонда Абай апта

мен айды айыра алмағаны ма? Жоқ, олай емес, сөздің мағынасына тереңірек үңілейік. Отырықшы елде күн сайын бірін-бірі сан рет көретін шағын деревняның адамдары үшін аптасына бір көру – әжептәуір мерзім. Ал көшіп жүріп, малдың өрісіне қарай әр таудың қуысында, алыс ормандарды немесе өзен-көлдерді сағалап бір-бірінен алыс отыратын ауыл адамдары апта түгіл айында бір көріссе де тәуба дер еді», (Ысмағұлов, 2006: 63) – деп жазады.

А.Пушкиннің «Хоть редко, хоть в неделю раз, В деревне нашей видеть вас» деген өлең жолдарындағы «неделя» сөзін Абайдың «ай» деп өзгерту себебін ғалым осылай дәйектейді. Ә.Бөкейхан аудармаларындағы мұндай мысалдар төменде келтірілді.

Өзі аударма жасап отырған орыс тілін жетік меңгерген, қажет деп тапқан жерінде дәлме-дәл аударудың жарқын үлгісін көрсете білген қыр баласының аудармаларында түпнұсқаға сәйкес келмейтін мәтін бөліктерінің кездесетініне қарап, оған жоғарыдағыдай мін таға алмаймыз. Екіншіден бүкіл саналы ғұмырында, саяси, кәсіби қызметінде де әр ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, табандылығымен, қайсарлығымен танылған тарихи тұлғаны аудармаға келгенде оңай жол іздеді деу де қисынсыз.

Еркін аудармада әдетте бастапқы мәтіннің түпнұсқадағы қалпы толық сақтамай, жалпы мазмұны беріледі. Мұндай аудармада түпнұсқаның стилі мен формасы да түрлі дәрежеде өзгереді, мазмұнын да дәлме-дәл беру мақсат етілмейді. «Ә.Бөкейхан қаншалықты еркін аударды?», «Түпнұсқа мәтінге қандай дәрежеде өзгеріс енгізді?» дейтін мәселеге келсек, аудармашының негізінен мәтін мазмұнын мен құрылымын, сюжетін сақтай отырып, мейлінше дәлме-дәл аударғанын атап айтуымыз қажет. Алайда ол мәтіннің қажет деп тапқан бөліктерін үнемі өз тарапынан қазақ оқырманына бейімдеп отырады.

Ә.Бөкейхан аудармаларының мәтіндеріне мән берсек, оның дәлме-дәл аударған жерлері басым. Ол – болмысынан ғылыми дәлдікті, нақтылықты ұнататын, шамалап, жуықтап айтып-жазуды жаны қаламайтын, шұбалаңқылықты, көпсөзділікті жек көретін тұлға. Алайда оның аудармаларын тұтастай алып қарағанда бейімделген аударма, барабар аударма (толыққанды аударма) үлесі басым деуге негіз мол. Себебі қай аудармасын алып қарасақ та, онда бастан-аяқ дәлме-дәл аударма талаптарын қатаң орындап, түпнұсқа мәтінге бағынышты болып отырмайды. Орыс тілін жетік меңгерген, оның тереңіне бойлап, ұңғыл-шұңғылына үңіле алатын, мәтін астарында жасырынып жатқан ақпаратты да ұға білетін, стиль ерекшеліктері мен талаптарын жақсы ажырата алатын білім иесі Әлихан Бөкейхан дәлме-дәл аударуға толық мүмкіндігі бола тұра неліктен кейде осындай қадамға, адекватты аудармаға, бейімдеп аударуға барды? Мұның сырын аударма талаптары мен аудармашы ұстанымының сәйкесу-сәйкеспеуін салыстыра айқындасақ қана ашуға болады.

Дәлме-дәл аударманың негізгі мақсаты түпнұсқа тіл мәтініндегі барлық ақпаратты сол күйінде жеткізу. Аудармашы қыр баласы бұл мақсатты жақсы біледі әрі оны барынша орындауды көздейді. Алайда дәлме-дәл аудармада мәтін аударылған тілдің оқырманына, адресаттың қабылдауына бейімделмейді. Қайта түпнұсқаның пәндік-логикалық мазмұнын барынша сақтай отырып, аударылған тілдің жанрлық-стильдік қалпынан, стильдік және тілдік нормаларынан ауытқуға рұқсат етілдеі. Міне, дәл осы талапқа келген кезде аудармашыда мүдде қайшылығы пайда болады. Өйткені ол ең алдымен өзі қызмет етіп отырған елді, сол елдің тілін, мәдениеті мен наным-сенімін



құрметтеп, сақтау және соған лайық өнім ұсыну қажет деп санайды. Әлихан Бөкейхан қандай аударма жасаса да, түпнұсқаны мағыналық-формалық тұрғыдан барынша дәл жеткізуді мақсат ете отырып, адресатты ойлайды. Ал оның адресаты – қазақ қауымы. Бейімделген аударма мен барабар (адекватты) аударма талабы бойынша адресаттың әлеуеті, талап-тілегі мен қабылдау мүмкіндігіне қарай мәтінді өңдеуге, оған өзгеріс енгізуге болады. Осы талап қазақ жұртының қамын жеп, оның мәдениеті мен тілінің таза сақталуын көздеп өткен ұлт зиялысының мүддесіне сай келеді. Тек осы себеппен ғана ол бір шығарманы басынан аяғына дейін дәлме-дәл аударып, аударманың осы түрінің талабын бұлжытпай орындап отырмай, мәтіннің кейбір жеріндегі өзге мәдениет пен өзге тілге тән ерекшеліктерді өз ұлтының танымы мен тілінің табиғатына икемдеуге мүмкіндік беретін аударма түрін – бейімдеп аударуды, барабар аударманы таңдайды.

Аудармашы шығармашылық үдерісінде ешқашан өзіне жеңіл, қолайлы жолды іздемеген, ол тек аударманы оқырманына лайықтап беруді ғана ойлаған. Яғни, аудармашы Қыр баласы өз аудармаларында бейімдеп аудару әдісін мақсатты түрде қолданады. Олай етпеген аудармашыларды сын тезіне алады. Мәселен, Ю.Вагнердің «Су туралы әңгімелер» кітабының қазақшасы туралы: «Жазушы (аудармашы А.Байтасұлы – Ш.Қ.) Вагнерге мұрнын тесіп, көшке тіркелген тайлақтай еріп, 44, 45-беттерде Ленинградты, ондағы патша заманындағы ерлерді байлап, матап салатын қорғанды салған жерге Нева өзені құмды, топырақты, тозаңды жиғанын жазады». Одан әрі ол қазақ даласындағы Әмудария, Ырғыз, Қабырға, Торғай, Шідерті, Өлеңті, Қылшақты, Мойынты, Жәмші, Тоқырауын сияқты өзендерді мысалға келтіріп, «Тарбағатайдың терістігіндегі, Шыңғыстың терістік шығысындағы өзендердің көрген күні де осы. Қазаққа кітап жазып, Нева өзенімен басын не деп ауыртамыз?» – дейді (Бөкейхан, 2016: Т. 12.: 130).

Қазақ баласына арналған кітапта өз жеріндегі қаптаған өзендердің бірін мысалға келтірмей, алыстағы Неваны, одан әрі қазаққа таныс емес Қырымдағы Салғыр өзенін алғаны дұрыс емес деп санайды.

Жалпы Ә. Бөкейхан аудармалары туралы сөз қозғағанда, «ол еркін аударған» деп жалпылама сипаттамай, мәтіннің қазақ мәдениетіне жат, оқырманға бейтаныс, түсінуіне ауыр бөлігін бейімдеп аударғанын атап айтуымыз қажет.

Аударманың мұндай түрі әдетте түпнұсқадағы мәліметтерді арнайы білімдері жоқ қабылдаушыларға түсінікті болуы үшін түпнұсқа құрылымы мен мазмұнын бейімдеп, транскодтап беру үшін пайдаланылады. Біздің лингвистикалық әдебиеттерде аударманың бұл түрі бейімделген аударма және бейімдендірілген аударма (адаптированный перевод) деп аталып жүр.

Бейімдеу кезінде мәтін мазмұндық және формалық тұрғыдан қарапайымдандырылады. Бейімдеуде көбінесе шығарманың тақырыбы, кейіпкерлері мен сюжеті сақталады да, негізінен түпнұсқа тілдің мәдениеті аударылып отырған тілдің мәдениетіне, сөз саптау мәнеріне ауыстырылады. Сондай-ақ бейімдеп аудару стильдік тұрғыдан өңдеу арқылы да жасалады. Ал Әлихан негізінен тілдік-этникалық бейімдеу әдісін жиі қолданады. Мұндай бейімдеу кезінде өзге мәдени және тілдік құбылыстар аударылған тілдің тұтынушыларының қабылдауына икемделеді.

Әлихан Бөкейхан да аудармаларын Ыбырай айтқандай қазақ рухына сай етіп бейімдеп, қазақтың дүниетанымына барынша жақындатып, Ахмет айтқандай орыс пен

батыс жазушы-ғалымдарының еңбектеріне қазақ тымағын кигізді. Мысалы: О.Уайльдтің «Жұлдызды бала» ертегісіндегі: «В эту-то холодную пору возвращались домой два дровосека. Они шли сосновым бором, съевшись от холода. Не раз они падали и проваливались в глубокий сугроб, откуда вылезали белыми, осыпанными снегом» деген сөйлемді Қыр баласы былай аударады:

«Қолдарын ұрып жылытып, тағалы аты қарды сықырлатып, кей жерде омбы қарға түсіп кетіп, ұн тартқан диірменшідей аппақ болып шығып, кей жерде мұздан тайып жығылып, отыншылар келе жатыр» (Бөкейхан, 2016: Т. 10.: 250).

Осы аудармада бірқатар айырмашылықтар бар. Аудармадағы: Қолдарын ұрып жылытып (1), тағалы аты қарды сықырлатып (2), ұн тартқан диірменшідей (3) кей жерде мұздан тайып жығылып (4) деген тіркестер мен сөйлемдер түпнұсқада мүлде жоқ. Бұларды аудармашы өз жанынан қосқан. Сондай-ақ түпнұсқада «екі отыншы» (два дровосека) болса, аудармада «отыншылар» деп беріледі. Олардың «қарағайлы орман ішімен», «үйлеріне қайтып келе жатқаны» да аудармада ықшамдалған. Түпнұсқада қысқа-қысқа үш сөйлем болса, аудармашы оны өз тарапынан өзгертіп, күрделі бір сөйлемге айналдырған. Түпнұсқадағы екі отыншы орманнан жаяу келе жатса, қыр баласы оларды тағалы атқа мінгізеді. Өйткені қазақ үшін орманнан отын әкелуге жаяу бару нанымсыз. Омбы қарға түсіп кеткен отыншылардың үстіне аппақ болып қар жұғып қалатыны да көңілге онша қонбайды. Сондықтан оларды «ұн тартқан диірменшідей аппақ» етіп беру әлдеқайда әсерлі әрі көңілге қонымды. Қысқасы, аудармашы шығармашылық еркіндікке бара отырып, түпнұсқаның осы жерін барынша қазақ танымына бейімдеп берген.

Француз ғалымы К.Фламарион еңбегіндегі: «Для определения отвесного направления имеется отвес, представляющий собою не что иное, как простую нитку, к концу которой привязывается небольшой груз, например ключ. Другой конец нитки берут в руку или прикрепляют к какойнибудь опоре» (Фламарион, 1922: 29) деген сөйлемді Қыр баласы: «Жіпті алып, бір басына асық байлап, бір басын қолға алса, асық салбырайды, жіп тартылады. Осы тартылған жіптің бойы тік сызықтың беті. Аспаптың аты – тікше» (Бөкейхан, 2016: Т. 10.: 348) – деп аударады.

Аудармашы түпнұсқадағы әр сөзді орны-орнына қойып, дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармайды. Автордың баяндау стилін де, сөздердің орын тәртібі мен сөйлемдердің ретін де қатаң сақтамайды. Мысалдағы кілттің орнын асықпен алмастырады, «тікше» деген жаңа сөз қолданады. Бірақ мәтінде айтылған негізгі ойды, оның мазмұнын қазақ оқырманына лайықтап, ықшамдап, дәл жеткізеді. Түпнұсқадағы сөйлемдер қазақтілді қауымға өте сәтті бейімделген. Бұл – аудармашы шеберлігі. Сондай-ақ осы мысалдан аудармашының шығармашылық еркіндігі мен көпсөзділікті, шұбалаңқылықты ұнатпайтыны да байқалады.

Профессор А.Гейкидің «Физическая география» кітабын қазақ тіліне аударған Абдолла Байтасұлына ол А.Байтұрсынұлын үлгі етіп: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде, Крыловтың басына тымақ кигізген Ахметті ұмытпау керек», (Бөкейхан, 2016 Т. 12.: 110) – деп жазады.

Бұл пікірден алаш көсемі Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының аудармадағы ұстанымдарының бір екенін анық көруге болады. Аударма кітаптарға жазған сын-пікірлерінде де Қыр баласы осы ұстанымын үнемі алға тартып отырады.

Ешмағамбетұлы қазақшаға аударған М.Томскийдің 59 беттен тұратын шағын кітабы «Ресейде кәсіпшілер қозғалысы» деген атпен 1925 жылы Орынборда жарық көрді. Осы кітапқа жазған пікірінен де Ә.Бөкейханның аудармадағы ұстанымын көруге болады: «Бұл кітаптың қазақшасы өте түсінікті. Ешмағамбетұлы орысшадан аударуға шебер екен. Бірақ Томский жолдасқа еріп, кітап, оның кітапшасын өз күйінде аударған да қойған. Орыс кітабын дәл өз күйінде аударып, сонымен қазақтың қараңғы еңбекшісін таныстыра қоям деу дұрыс емес. ...Кітаптың дәлелін, пікірін пайдаға асырып, оқушының кім екенін естен шығармай отырып аударған жөн еді ғой» (Бөкейхан, 2016: Т. 12: 115).

Ә.Бөкейхан аудару кезінде «оқушының кім екенін естен шығармау» керектігін басты назарда ұстау қажеттігін айтады. Бұл оқырманның білім деңгейін ескеріп, таза прагматикалық мақсатты көздей отырып айтылған пікір. Ал аудармашының мына пікірінен оның орысшадан аударудағы негізгі ұстанымы, мақсат-мүддесі тіпті айқын көрінеді: «Орыстың кітабын қазақшалағанда, білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, қараңғы қазаққа апарып берем деп, кітаптың басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады. Қазақшаланған кітаптарды сынға алғанда, мен осы жолмен сынамаймын» (Бөкейхан, 2016: Т. 12: 131).

Бұл тұжырымында ғалым орыс тілінен аударуда мәтінді мақсатты түрде бейімдеп алу қажеттілігін атап айтып отыр. Ол осы пікірі арқылы бейімдеудің екі түрін көрсеткен: 1. Мәтінді этномәдени және тілдік тұрғыдан қазақ танымына бейімдеу («Кітаптың басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады» дегені – соның дәлелі); 2. Әлеуметтің білім деңгейін есепке ала отырып прагматикалық тұрғыдан бейімдеу («Білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, қараңғы қазаққа апарып берем деп»).

Аударма мен бейімдеуді бөліп қарау қажет деушілер де бар. Алайда қазіргі аударматанушы ғалымдардың көпшілігі тілдік бейімдеуді (жерсіндіру, локализация) аударманың жеке жанры немесе ерекше түрі ретінде қарай отырып, ол өте күрделі, көпқырлы жұмыс деп санайды. Ал мәдениеттер мен тілдердің ерекшелігін ескере отырып, осындай бейімделген аударма жасай алатын мамандарды бейімдеуші аудармашы (переводчик-локализатор) деп атап жүр. Міне, осындай күрделі жұмысты осыдан бір ғасыр бұрын Ә.Бөкейхан қолға алып, қазақ-орыс мәдениеті мен тілдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, бейімдеп аударудың үздік үлгілерін жасай білді.

### Нәтижелері

Зерттеу барысында Ыбырай, Абай, Шәкәрімнен басталған тәржіме ісін ХХ ғасыр басында алаш оқымыстысы Ә.Бөкейхан кәсіби біліктілікпен жалғастырып, жаңа сатыға көтере отырып, өзіндік стилі мен айрықша мәнерімен өзгешеленетін аударма үлгілерін тудырғаны айқындалады. Екі мәдениеттің ерекшелігін терең тани білетін, екі тілді жетік меңгерген білімпаздың аудармаларында түпнұсқаның мазмұны мен идеясы сақталуымен қатар, қазақ оқырманының талғам-танымы мен этномәдени ерекшелігі ескеріліп отыратындығы көптеген нақты тілдік деректер арқылы дәлелденеді. Аудармашының аудартын еңбек пен оны аударудағы тәржіме тәсілін таңдауы ұлт сұранысы мен оның мәдени-білім деңгейін және халықтың рухани қажеттілігін

ескере отырып жасалғандығы этномәдени лексика мен мәтіннің этнолингвистикалық ерекшеліктері арқылы көрніс табатындығы көрсетіледі. Ә.Бөкейханның бейімдеп аудару әдісін аударма мәтінді қазақ оқырманының төл туындысындай жатсынбай, жанына жақын қабылдауы үшін кәсіби біліктілікпен өте ұтымды пайдалана білгендігін айғақтайтын мысалдар беріліп, тілдік талдаулар жасалады.

### Қорытынды

Осы айтылғандардың барлығын жинақтап, талдап-таразылай келіп, ой қорытып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш оқығандары XX ғасыр басында өздеріне дейінгі Ыбырай, Абай, Шәкәрім аудармаларын үлгі етіп, олардың ұстанымдарын жалғастырған. Бұл жалғастық – Ә.Бөкейхан аудармалары XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ыбырай, Абай аудармалары мен XX ғасыр басындағы аудармадағы сабақтасты көрсетеді.

Екіншіден, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы сияқты замандас алаш оқымыстылары бір-бірінің тәржімешілік тәжірибесін ескеріп, өзара тәжірибе алмасып, аударма ісінде ортақ ұстанымды басшылыққа алған. Олар өзгелердің ізденістерін де ескеріп, өз тәжірибелеріне де сүйене отырып, отандық аударматанудың негізін қалған. Олар – Ыбырай, Абай дәстүрін жалғаушы ғана емес, оны жаңа сатыға көтеріп, дамытушы ғалымдар.

Үшіншіден, Ә.Бөкейхан – қазақша аударылған кітаптарға ұдайы баға беріп, сын-пікір жазып, аудармашыларға жол көрсетіп, жөн сілтеп, өз тәжірибесін ортаға салып, аударма сапасының артуына тікелей атсалысып отырған алғашқы аударматанушы. Сонымен қатар аударма жасаумен мақсатты, жүйелі түрде айналысқан, бұл салада ең өнімді еңбек еткен кәсіби аудармашы, практик мамандардың бірі.

Төртіншіден, Қыр баласы дәлме-дәл аударудың да озық үлгісін көрсетумен қатар қазақ мәдениетінің ерекшелігі мен XX ғасыр басындағы көпшілік оқырманның білім деңгейін ескере отырып, орыс тілінен аударылған мәтіндерді өзі қажет деп санаған жағдайда тілдік-мәдени және прагматикалық тұрғыдан бейімдеп беру әдісін ұтымды қолданды. Оның тәржімелерінде мәтіннің бейімделген тұтас абзацтары, жекелеген сөйлемдер, қазақ теңеулері мен фразеологизмдері жиі ұшырасып отырады. Әсіресе, түпнұсқа мәтінді этномәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан бейімдеуге ерекше мән берді. Ә.Бөкейхан екі мәдениеттің, екі тілдің ерекшелігін де терең танып-сезіне білуі арқылы қазақ мәдени кеңістігінің сұранысына, ұлтының талғам-түсінігіне сәйкес этномәдени тұрғыдан лайықталған сапалы тәржіме туындыларын туғызған аса сезімтал әрі білікті бейімдеп аударушы.

Бесіншіден, Ә.Бөкейхан – аударманың бір түрімен ғана шектелмей көркем, ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқулық әдебиеттер мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне шебер аударма білген жан-жақты білімді, стиль ерекшеліктерін ескере отырып аударатын кең тынысты аудармашы.

Алтыншыдан, Ә.Бөкейхан аудармаларын түпнұсқадан мүлде алшақ кеткен, төл туынды деп те, тура мағынасындағы еркін аударма деп те санауға болмайды. Оның

аудармаларында түпнұсқа шығарманың авторы көрсетіліп, тақырыбы, негізгі мазмұны мен формасы, сюжеті сақталады. Автордың ой желісі үзілмей, пәндік-логикалық байланыс бұзылмайды.

Жетіншіден, Ә.Бөкейхан мәтінді бейімдегенде аз сөзге көп мағынаны сыйғызып, ұзақ сөйлемдерді қысқа да нұсқа, ықшам да ұтымды етіп құрып, ондағы негізгі айтылмақ ойды адресатына айқын жеткізуі – оның аудармашылығының ерекше бір қыры.

Ол түпнұсқаның өзіне сын көзбен қарап, оның мазмұны мен авторының баяндау стиліне қатысты көзқарасын білдіретін кездері де болады. Тұтас мәтіннің кейбір бөліктерін этномәдени, тілдік және прагматикалық тұрғыдан бейімдеп аударғанына қарамастан, аудармашы Қыр баласы – орыс тіліндегі мәтінді қазақ тіліне барабар аударудың жарқын үлгісін көрсетіп, аудармашылық мектептің қалыптасуына зор үлес қосқан қайраткер қалам иесі, тәржімешілік кәсіптің қыр-сырын терең меңгерген тәжірибелі маман. Көркем мәтіннің түпнұсқасындағы эмоциялық-экспрессивтік бояуды сол қалпында жеткізіп, кейде оның бояуын одан да қалыңдатып, адресатына бұрынғыдан да әсерлі жеткізе білуі – аудармашылық шеберлігінің айғағы.

#### Әдебиет

Алтынсарин И., 1906. Киргизская хрестоматия. Издание второе, исправленное и дополненное. Оренбург: Типография Б.А. Бреслина. 155 с.

Алтынсарин И., 1879. Киргизская хрестоматия. Оренбург: Типография Евфимского. 100 с.

Әбдиманұлы Ә., 2015. Ахметтану: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 273 б.

Әуезов М., 1985. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-том. Зерттеулер, мақалалар. Жауапты шығарушылар: Л.Әуезова, Т.Әкімов. Алматы: Жазушы. 496 б.

Бөкейхан Ә., 2016. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары. Толықт. екінші бас. Т. 10. Астана: Сарыарқа. 576 б.

Бөкейхан Ә., 2016. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары. Сочинения. Толықт. екінші бас. Т. 11. Астана: Сарыарқа. 570 б.

Бөкейхан Ә., 2016. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары. Сочинения. Толықт. екінші бас. Т. 12. Астана: Сарыарқа. 568 б.

Денмухаметова Э., Юсупова А., Онэр М., 2022. Словари как источники информации о татарах // Turkic Studies Journal, Т. 4., No 2. С. 48-55.

Жұмалиев Қ., 1948. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдары. 208 б.

Сатыбалдиев Ә., 2008. Сөз қазынасының кеніші, құраст.: Қ.Алпысбаев, Л. Дәуренбекова. Астана: Аударма. 328 б.

Фламарион К., 1922. Общедоступная астрономия. Берлин. 246 с.

Ысқақұлы Д., 2012. Аудармадағы Абай дәстүрі. Әлем әдебиеті. №3. Б. 182-203.

Ысмағұлов Ж., 1990. Қазақстан жазушылар Одағының Ахмет Байтұрсынов творчествосына арналған ғылыми конференциясының материалдары // «Қазақ әдебиеті», 21 шілде.

Ысмағұлов Ж., 2006. Абай аудармаларындағы Пушкин. Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Алматы: Unique Service. Б. 61-68.



### Reference

- Altynsarin I., 1906. Kirgizskaya hrestomatiya. [Kyrgyz Anthology]. Izdanie vtoroe i dopolnennoe. Orenburg, Tipografiya Breslina. 155 p. [in Russian].
- Altynsarin I., 1879. Kirgizskaya hrestomatiya. [Kyrgyz Anthology]. Orenburg: Tipografiya Evfimskago. 100 p. [in Russian].
- Abdimanuly A., 2015. Ahmettanu oqu kuraly. [Akhmet Studies: a training manual]. Almaty: Kazak universiteti. 273 p. [in Kazakh].
- Auezov M., 1985. Zhiyrma tomdyk shygarmalar zhiynagy. [Collection of works in twenty volumes]. T. 19. Almaty: Zhazushy. 496 p. [in Kazakh].
- Bokeihan A., 2016. Bokeihan Alihan. Shygarmalary. [Works Of Bukeikhan Alikhan]. Tolykt. ekinshi bas. T. 10. Astana: Saryarka. 576 p. [in Kazakh].
- Bokeihan A., 2016. Bokeihan Alihan. Shygarmalary. [Works Of Bukeikhan Alikhan]. Tolykt. ekinshi bas. T. 11. Astana: Saryarka. 250 p. [in Kazakh].
- Bokeihan A., 2016. Bokeihan Alihan. Shygarmalary. [Works Of Bukeikhan Alikhan]. Tolykt. ekinshi bas. T. 12. Astana: Saryarka. 568 p. [in Kazakh].
- Denmuhametova E., Yusupova A., Oner M., 2022. Slovare kak istochniki informacii o tatarah [Dictionaries as sources of information about the Tatars]. Turkic Studies Journal, Vol. 4., No 2. P. 48-55. [in Russian].
- Jumaliev K., 1948. Abaiga deiingi kazak poeziyasi jane Abai poeziyasinin tili. [Pre-Abai Kazakh poetry and the language of Abai poetry]. Almaty: Kazaktyn memlekettik oqu kuraldary. 208 p. [in Kazakh].
- Satibaldiev A., 2008. Soz kazynasynyn kenishi. [Word treasure mine]. Astana: Audarma. 328 p. [in Kazakh].
- Flammarion K., 1922. Obschedostupnaya astronomiya. [Public astronomy]. Berlin. 246 p. [in Kazakh].
- Yskakuly D., 2012. Audarmadagy Abai dasturi. [Abay tradition in translation]. Alem adebieti. №3. P. 182-203. [in Kazakh].
- Ismagulov J., 1990. Kazakstan jazushylar Odaginin Ahmet Baitursinov tvorchestvosyna arnalgan gilimi konferenciyasinin materialdari. «Kazak adebieti». 21 shilde. [in Kazakh].
- Ismagulov J., 2006. Abai audarmalarindagy Pushkin. [Pushkin in the translations of Abay]. Pushkin – Abai jane Kazak adebieti Halykaralyk gylimi konferenciyanyyn materialdary. Almati, Unique Service. P. 61-68. [in Kazakh].

### Sh. Kurmanbaiuly

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

*(E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com)*

### Ethnocultural features of Alikhan Bukeikhan's translations

**Abstract.** The article deals with the features of Alikhan Bokeikhan's translations. On the basis of similarities and differences of the first translation samples of Y. Altynsarin, A. Kunanbayuly of the second half of the XIX century and A. Bokeykhan's translations of the beginning of the XX century,

continuity of traditions of translation are revealed. The general character and peculiar ethno-cultural features of the translations of the 'son of the steppes' are determined. By comparative analysis of the original and translated texts, the reasons for choosing the type and method of translation are revealed. The secret of creative freedom in translation, the nature of the translation experience are comprehensively revealed in accordance with the goals and objectives of the creative person that prompted him to choose translation method. The general position in the translations of Russian-language literature by A.Bokeikhan and A.Baitursynuly and translators of the beginning of the XX century, as well as their contribution to the formation of native translation studies as a special branch, as a profession and specialty are considered in close interrelation. The article analyzes and evaluates the state of the history of Kazakh translation studies at the beginning of the XX century, its periodicity based on the translations of a prominent representative of the Alash intelligentsia, Alikhan Bukeikhan, who was systematically engaged in translation activities and worked fruitfully at that time. The article concludes on the basis of the fact that the son of the steppes is not only a master of accurate translation, but also a skilled translator who rationally used the method of text presentation in his translation activities, taking into account linguoculturology and pragmatics, as well as the peculiarities of national culture and the socio-cultural level of Kazakh society of the early XX century.

**Keywords:** Alikhan Bukeikhan, son of the steppes, ethnocultural feature, translation, adapted translation, accurate translation, adequate translation, pragmatic adaptation, translator.

### Ш. Курманбайұлы

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Республика Казахстан.  
(E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com)*

#### Этнокультурные особенности переводов Алихана Букейхана

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности переводов А. Букейхана. На основе сходств и различий первых переводческих образцов Ы. Алтынсарина, А. Кунанбайұлы второй половины XIX века и переводов А. Букейхана начала XX века выявляются формирование, развитие и преемственность традиции в переводе. Определены общие тенденции и своеобразные этнокультурные особенности переводов «сына степей» (псевдоним). На основе сравнительного анализа оригинальных и переведенных текстов выявлены типы и методы перевода, которыми пользовался А.Букейхан и на базе которых раскрыты секрет его творческой свободы в переводе и природа переводческого опыта его как творческого человека. Автор данной статьи также рассматривает тесную взаимосвязь и общую позицию в переводах русскоязычной литературы А. Бокейхана, А. Байтурсынулы и переводчиков начала XX века. Более того, отмечает их вклад в формирование отечественного переводоведения как специальной сферы профессиональной деятельности человека. Тем самым анализируется и оценивается состояние истории казахского переводоведения начала XX века, его системность и плодотворность на основе переводов видного представителя алашской интеллигенции Алихана Букейхана.

В статье делается вывод, что «сын степей» является не только мастером адекватного перевода, но и искусным переводчиком, рационально использовавшим в своей переводческой деятельности

метод подачи текста с учетом лингвокультурологии и прагматики, а также особенностей национальной культуры и социокультурного уровня казахского общества начала XX века.

**Ключевые слова:** Алихан Букейхан, сын степей, этнокультурная особенность, перевод, точный перевод, адекватный перевод, адаптированный перевод, прагматическая адаптация, переводчик.

**Автор туралы мәлімет:**

Құрманбайұлы Шерубай, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы, 13, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0002-4587-4452

Scopus ID 57742543700

**Information about author:**

Sherubay Kurmanbaiuly, Doctor of Philology, Professor, Member of the NAS RK, Head of the Nemat Kelimbetov Turkology Center, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0002-4587-4452

Scopus ID 57742543700

**Сведения об авторе:**

Құрманбайұлы Шерубай, д.ф.н., проф., академик НАН РК, руководитель Центра тюркологии им. Немата Келимбетова, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, проспект Достык, 13, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0002-4587-4452

Scopus ID 57742543700